

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасындағы басқарылатын ядролық синтез саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 224 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 29 қарашада Брюссель қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасындағы басқарылатын ядролық синтез саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасындағы басқарылатын ядролық синтез саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Контекске орай осында және сол сияқты бұдан әрі "Тарап" және "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бір тараптан, және осында және сол сияқты бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қ о ғ а м д а с т ы қ е к і н ш і т а р а п т а н ,

1995 жылғы 23-қаңтарда қол қойылған Еуропалық қоғамдастық пен оның мүшелері және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік туралы келісім т у р а л ы е с к е с а л а о т ы р ы п ;

әлеуетті экологиялық қолайлы, экономикалық тиімді және шын мәнінде шектелмейтін энергия көзі ретінде ядролық синтез энергиясын алуға ықпал етуді қалай о т ы р ы п ;

синтез жөніндегі Қоғамдастық бағдарламасы тороидальдық магниттік ұстауға негізделген кең әрі толық көлемді бағдарлама болып табылатынын атап көрсете о т ы р ы п ;

Қазақстанның ядролық синтез саласындағы бағдарламасы Қазақстандағы ғылым және синтез технологиясы саласындағы айрықша ғылыми жетістіктермен байланысты мамандандырылған бағдарлама болып табылатындығын атап көрсете отырып;

Тараптардың бақыланатын ядролық синтез саласында жұмыс істейтін ғылыми топтары арасында барынша тығыз байланыстар орнату кезінде алынатын өзара артықшылықтарды т ү й с і н е о т ы р ы п ;

Тараптар арасында бақыланатын ядролық синтез саласындағы ынтымақтастықты

тұрақты консультациялар арқылы нығайту туралы шешім қабылдай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Бұл Келісімнің мақсаты Тараптар арасындағы синтез реакциясы негізінде энергетикалық жүйелердің ғылыми түсінігі мен технологиялық мүмкіндіктерін дамыту үшін өзара тиімді негізде синтез бойынша олардың бағдарламасына сәйкесінше кіретін салаларда ынтымақтастықты қолдау және күшейту болып табылады.

2-бап

Осы Келісім бойынша ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырыла алады:

- (а) плазманы ұстап тұруды, тоқты тасымалдауды, қыздыруды және реттеу жүйесін (радиожиілікті қыздырудың тиісті жүйесін әзірлеуді қоса алғанда) және магниттік қондырғылардағы диагностика жүйесін тәжірибелік және теориялық зерделеу;
- (б) синтез технологиялары;
- (в) қолданбалы плазма физикасы;
- (г) бағдарламаны жоспарлау және жүзеге асыру;
- (д) келісім бойынша басқа да салаларда.

3-бап

2-бапта көрсетілген салалардағы ынтымақтастық мынадай қызмет түрлерін қамти а л а д ы :

- (а) ақпарат алмасу және беру;
- (б) персонал алмасу және беру;
- (в) әртүрлі деңгейлердегі кездесулер;
- (г) эксперименттер жасау мен баға беру үшін үлгілер, құрал-саймандар және ж а б д ы қ т а р алмасу және беру;
- (д) бірлескен зерттеулер мен қызметке қатысу;
- (е) қажет жағдайда, үшінші Тарапты қамтитын термоядролық бағдарламаларға немесе жобаларға осы үшінші Тараптың келісуі шартымен кез келген Тарапты қ а т ы с у ғ а т а р т у ; және
- (ж) келісім бойынша басқа да қызмет.

4-бап

1. Қажет болған жағдайда, айрықша бірлескен іс-қимылдар жөніндегі атқарушылық у а ғ д а л а с т ы қ т а р :

Осы мақсат үшін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген кез келген басқа ұйым атқарушы органы болып табылатын Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і м е н

ҚОҒАМДАСТЫҚ немесе осыған ҚОҒАМДАСТЫҚ уәкілеттік берген синтез бағдарламасы бойынша ҚОҒАМДАСТЫҚ бағдарламасы шеңберінде онымен байланысты кез келген ұйым арасында жасалуы тиіс.

2. 3-бапта аталған қызметті орындау үшін қажетті қаулылар мен шарттар атқарушылық уағдаластықтарда екі Тараппен де атқарушы уағдаластықтарда айқындалуы тиіс және оларда:

а) бірлескен жеке іс-қимылдарға арналған айрықша бөліктер, рәсімдер мен қаржылық ережелер;

б) жеке ұйым немесе жұмыс істеуші тұлға үшін тиісті қызметті жедел басқару жөніндегі міндеттерді белгілеу;

в) ақпараттың таратылуына және зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты егжей-тегжейлі ережелер болуы тиіс.

3. Әрбір Тарап жұмыстың қайталануын азайту үшін осы Келісім бойынша өзінің іс-қимылдарын екінші Тарап қатысушы болып табылатын басқарылатын ядролық синтез саласындағы зерттеулерге және әзірлемелерге байланысты басқа халықаралық қызметпен тиісті түрде үйлестіруі тиіс.

5-бап

1. Тараптар осы Келісімнің орындалуын үйлестіру және бақылау мақсатында Үйлестіру Комитетін ұйымдастыруы тиіс. Тараптардың әрқайсысы Үйлестіру Комитетіне мүшелердің бірдей санын тағайындауы және олардың біреуін Делегация басшысы етіп тағайындауы тиіс. Үйлестіру Комитеті жыл сайын кезектесіп Еуропалық Қоғамдастықта және Қазақстан Республикасында немесе басқа кез келген келісілген мерзім мен жерлерде бас қосуы тиіс. Қабылдаушы Тараптың Делегация басшысы кездесуде төрағалық етуі тиіс.

2. Үйлестіру Комитетінің функциялары:

а) осы Келісім бойынша ынтымақтастықтың жай-күйіне баға беруді;

б) Тараптардың тиісті бағдарламалары бойынша дербес шешімдер қабылдауына нұқсан келтірмей, осы Келісімнің 2-бабында келтірілген салаларда орындау үшін арнайы тапсырмалар белгілеуді қамтуы тиіс.

3. Үйлестіру Комитетінің барлық шешімдері бір ауыздан қабылдануы тиіс.

4. Үйлестіру Комитетінің кездесулері арасындағы кезеңге әрбір Тарап осы Келісім бойынша ынтымақтастықпен байланысты барлық істерде оның атынан әрекет ететін Атқарушы Хатшыны тағайындауы тиіс. Атқарушы Хатшылар мұндай ынтымақтастықтың ағымдағы жүзеге асырылуы үшін жауапты болуы тиіс.

6-бап

Ынтымақтастық нәтижесінде пайда болатын барлық шығыстарды, егер де атқарушы органдар керісінше шарттаспаса, жазбаша нысанда оларды туындатқан Тарап жабуы тиіс.

7-бап

Осы Келісім бойынша бірлескен қызметпен байланысты өнеркәсіптік меншікті, патенттер мен авторлық құқықтарды қоса алғанда, ақпарат пен зияткерлік меншік

құқықтарын пайдалану және тарату осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын Қосымшаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

8-бап

Осы Келісімде ешнәрсе де Тараптар арасындағы ынтымақтастық туралы қазіргі бар немесе болашақ уағдаластықтарға зиян келетіндей етіп түсіндірілмеуі тиіс.

9-бап

1. Осы Келісім бойынша Тараптардың іс-қимылдары тиісті қаржы қаражатының бар - жоғы мен а й қ ы н д а л а д ы .

2. Осы Келісім бойынша ынтымақтастық қатысушы елде қолданылатын заңнамаға с ә й к е с б о л у ы т и і с .

3. Әрбір Тарап қатысушы елдің қолданылып жүрген заңнамасы шеңберінде тұлғалардың жылжуына, ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен жабдықтарды тасымалдауға және ақшалай қаражатты аударуға байланысты рәсімдерді орындауға ықпал етуге барынша күш салуы тиіс.

4. Осы Келісімді орындау нәтижесінде келтірілген залалдың орнын толтыру қолданылып жүрген заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

10-бап

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес осы Келісімге байланысты барлық мәселелерді Тараптар өзара консультациялар жолымен шешуге тырысулары тиіс.

11-бап

1. Осы Келісім Тараптар дипломатиялық ноталармен алмасу арқылы оның күшіне енуі үшін анықтаған сәттен бастап күшіне енеді және 10 жыл қолданыста болады.

2. Осы Келісім, егер Тараптардың біреуі кезекті кезең аяқталғанға дейін алты ай қалғанда Келісімнің қолданылуын тоқтату немесе оны қайта қарау ниеті туралы жазбаша мәлімдемесе, келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

3. Бұзылған немесе қайта қаралған жағдайда осы Келісім бұзылу немесе қайта қарау туралы талап қою алдында орындалу күйіндегі бірлескен қызметке қатысты және осы Келісімнің 4-бабында көрсетілгендей атқарушылық уағдаластықтарға қатысты осындай қызмет пен уағдаластықтардың мерзімі аяқталғанға дейін бұрынғыдай түрде күшінде қ а л а д ы .

4. Осы Келісімнің бұзылуы 7-бабында баяндалған құқықтар мен міндеттерге әсерін тигізбейді.

12-бап

Егер сөз Қоғамдастық туралы болса, осы Келісім, Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық құру туралы шарт қолданылатын аумақтарға және толық құқықты үшінші мемлекет ретінде "Community Fusion Program-Fa" қатысатын елдердің аумақтарына қолданылады.

13-бап

Осы Келісім қазақ, орыс, дат, голланд, ағылшын, фин, француз, неміс, грек, итальян, португал, испан және швед тілдерінде екі данада жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Брюссель қаласында жасалды, 29/11/2002

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Атом Энергиясы жөніндегі

Еуропалық Қоғамдастық үшін

1-Қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Атом Энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасындағы басқарылатын ядролық синтез саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бойынша бірлескен зерттеулерден туындайтын зияткерлік меншік құқықтарын бөлу тәртібі туралы басқарушылық қағидаттар(*)

I. Құқықтарды иелену, бөлу және пайдалану

1. Осы Келісімге сәйкес жүргізілген барлық жұмыстар "бірлескен зерттеулер" болып табылуы тиіс. Қатысушылар бірлескен жұмыс процесінде пайда болатын ақпарат пен зияткерлік меншікті (ЗМ) иеленуге және жариялауды қоса алғанда, пайдалануға қатысты бірлескен "Технологиялық ұйымдастыру жоспарларын" (ТҰЖ)(*) бірлесіп әзірлеуі тиіс. Мұндай жоспарларды Тараптар өздеріне қатысты ЗӘ (зерттеу және әзірлеу) ынтымақтастығы жөніндегі кез келген ерекше келісім-шарт жасасу алдында бекітуі тиіс. ТҰЖ әзірлеу кезінде бірлескен жұмыстардың мақсаттары, қатысушылардың тиісті үлестері, аумақ бойынша немесе пайдалану саласы бойынша лицензиялаудың артықшылықтары мен кемшіліктері, тиісті заңдармен қойылатын талаптар және қатысушылардың пікірі бойынша қаралуы тиіс басқа да факторлар назарға алынуы қажет. Бірлескен ТҰЖ-да ЗМ-ге қатысы бойынша іссапарда болған зерттеушілердің жүргізген жұмыстарына қатысты құқықтар мен міндеттерді де қарау қ а ж е т .

2. Бірлескен жұмыс процесінде туындаған, бірақ ТҰЖ-да қамтылмаған ақпарат немесе ЗМ Тараптардың келісімімен ТҰЖ-да белгіленген қағидаттарға сәйкес таратылуы тиіс. Келіспеушілік туындаған жағдайда мұндай ақпарат немесе ЗМ, нәтижесінде осы ақпарат немесе ЗМ алынған бірлескен зерттеулерге қатысқан барлық қатысушылардың бірлескен меншігі болуы тиіс.

Осы ереже қолданылатын әрбір қатысушы осы ақпаратты немесе ЗМ-ді географиялық шектеулерсіз өздерінің жеке коммерциялық мақсаттарына пайдалануға қ ұ қ ы л ы б о л у ы т и і с .

3. Әрбір Тарап екінші Тарап пен оның қатысушыларының осы принциптерге сәйкес оларға тиесілі ЗМ құқығына ие болуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Осы Келісім қамтитын салалардағы бәсекелестік шарттарын қолдай отырып, әрбір Тарап осы Келісімге сәйкес берілген құқықтардың:

(i) Келісім бойынша жасалған жария етілген немесе қандай да бір басқа тәсілмен алынған ақпараты таратуға және пайдалануға;

(ii) халықаралық стандарттарды қабылдауға және орындауға көмектесуін қамтамасыз етуге күш салуы тиіс.

(*). Осы жетекші қағидаттарға жататын тұжырымдамалардың анықтамасы II қосымшада берілген.

(**) Әрбір ТҰЖ-ның айрықшаланған ерекшеліктері III қосымшада берілген.

II. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар

Тараптарға немесе олардың қатысушыларына тиесілі авторлық құқықтармен жұмыс "Әдеби шығармаларды қорғау туралы Берн Конвенциясына" (1971 жылғы Париж Актісі) сәйкес келуі тиіс.

III. Ғылыми әдеби жұмыстар

Егер ТҰЖ-да өзгеше келісімесе, жұмыс нәтижелерін жариялауды Тараптар бірлесіп немесе осы бірлескен зерттеулерге қатысушылар IV параграфтың қолданылуына нұқсан келтірмей орындауы тиіс. Бұрынғы жалпы тәртіпке бағына отырып, мынадай рәсімдер қолданылуы тиіс:

1. Бейнематериалдар мен бағдарламалық өнімдерді қоса алғанда, дерек көзі осы Келісімге сәйкес бірлескен зерттеулер болып табылатын ғылыми немесе техникалық журналдарды, мақалаларды, баяндамаларды, кітаптарды Тараптар немесе Тараптардың қоғамдық құрылымдары жариялаған жағдайда екінші Тараптың бүкіл дүние жүзіне тарайтын, эксклюзивтік емес, бөліп жаруға болмайтын, роялти төлеуден босатылған, мұндай бірлескен зерттеулерді аударуға, жаңадан өндіруге, бейімдеуге, беруге және көпшілікке таратуға арналған лицензияға құқығы болуы тиіс.
2. Тараптар осы Келісімге сәйкес бірлескен зерттеулер нәтижесінде пайда болған және тәуелсіз баспагерлер жариялаған ғылыми сипаттағы әдеби жұмыстардың неғұрлым кең таралуын қамтамасыз етуге тиіс.
3. Көпшілікке таратылатын және осы ережеге сәйкес дайындалған авторлық жұмыстардың барлық көшірмелерінде, егер автор немесе авторлар аты аталуынан өздері әдейі бас тартпаса, жұмыс авторларының аты болуы тиіс. Онда сондай-ақ Тараптардың бірлескен қолдауы анық көрсетілген тануы болуы тиіс.

IV. Халыққа жария етілмеген ақпарат

A. Құжатталған халыққа жария етілмеген ақпарат

1. Әрбір Тарап немесе оның қатысушылары жағдайлардың оңтайлы келуіне қарай, ол/олар осы Келісімге қатысты халыққа жария етілмеген сақтағысы келетін ақпаратты

мүмкіндігінше ертерек және технологиялық ұйымдастырушылық тұрғыда, басқаларынан бөлек мынадай өлшемдерді назарға ала отырып анықтаулары тиіс:

- ақпараттың тұтас алғанда да, кез келген бөлек құрамда да немесе бөліктерін біріктіргенде де жалпыға танымал немесе осы саланың мамандары үшін заңды жолдармен қол жеткізімді болып табылатындай мәндегі құпиялылығы;

- құпиялылығы арқасында ақпараттың көкейкесті немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы;

- ақпаратты заңды жолмен бақылайтын тұлға оның құпиялылығын сақтау үшін жағдайларға орайластырылған шаралар қолдану мәніндегі ақпаратты алдын ала қорғау.

Белгілі бір жағдайларда Тараптар мен қатысушылар, егер өзгеше келісілмесе, осы Келісімге сәйкес бірлескен зерттеулер процесінде барлығы толықтай немесе ішінара алынған, қайта алынған немесе жасалған ақпараттың халыққа жария етілуі мүмкін еместігіне уағдаласа алады.

2. Әрбір Тарап екінші Тарап үшін осы Келісім бойынша халыққа жария етілмеген ақпараттың және сондықтан, оның артықшылықты табиғатының тез танылуын, мысалы, тиісті белгілер немесе шектеу жазбалары арқылы танылуын қамтамасыз етуі тиіс. Мұның сондай-ақ аталған ақпаратты кез келген қайта жаңартуға, толығымен және бөліктер бойынша да, қатысы бар.

Осы Келісімге сәйкес халыққа жария етілмеген ақпаратты алушы Тарап оның ерекше артықшылықты табиғатын назарға алуы тиіс. Бұл шектеулер осы ақпарат иесі осы саланың сарапшылары үшін оны шектеулерсіз жария еткеннен кейін өзінен өзі алынады.

3. Осы Келісім бойынша берілетін халыққа жария етілмеген ақпарат алушы Тарапқа жататын немесе олар жалдаған және алушы Тараптың бірлескен зерттеулерге қатысуға ерекше уәкілеттік берілген басқа тиісті бөлімдерінің және органдарының адамдары арасында, осылайша кез келген халыққа жария етілмеген ақпарат жоғарыда көрсетілгендей құпиялылығы және жеңіл танылуы туралы Келісімге бағынуы шартында таратылуы мүмкін.

4. Осы Келісім бойынша халыққа жария етілмеген ақпаратты беруші Тараптың алдын ала жазбаша келісуімен алушы Тарап мұндай халыққа жария етілмеген ақпаратты алдыңғы 3 параграфта рұқсат етілгендегіден кеңірек тарата алады. Тараптар мұндай кең таратылым үшін сұрау салу мен алдын ала жазбаша рұқсат алу үшін бірлесе отырып рәсімдерді әзірлеуі тиіс және әрбір Тарап бұған оның ұлттық саясаты, құқық ережесі мен заңнамасы кедергі келтірмейтіндіктен оған рұқсат береді.

В. Құжатталмаған халыққа жария етілмеген ақпарат

Осы Келісім бойынша ұйымдастырылған семинарларда немесе басқа да кездесулерде берілетін құжатталмаған халыққа жария етілмеген немесе басқа да құпия халыққа жария етілмеген немесе ерекше артықшылықты ақпарат, немесе персоналды

тағайындау, жабдықтарды пайдалану нәтижесінде немесе бірлескен жобалар нәтижесінде туындаған ақпарат Тараптармен немесе олардың қатысушыларымен Келісім бойынша құжатталған ақпарат үшін белгіленген қағидаттарға сәйкес, алайда, осындай халыққа жария етілмеген немесе басқа да құпия және артықшылықты ақпаратты тікелей беру сәтінде алушыны берілетін ақпараттың құпия сипаты туралы хабардар ету шартында қаралуы тиіс.

С. Бақылау

Әрбір Тарап осы Келісімнің шеңберінде өзінің алған халыққа жария етілмеген ақпаратының онда көрсетілгендей бақылануын қамтамасыз етуге тырысуы тиіс. Егер Тараптардың біреуіне А және В параграфтарындағы таратпау туралы ережені орындай алмайтындығы немесе орындай алмайтын жағдайда екендігін болжауға негіз бар екендігі белгілі болса, ол екінші Тарапты тез арада хабардар етуі тиіс. Бұдан әрі Тараптар іс-әрекеттің тиісті бағытын анықтау жөнінде уағдаласуы тиіс.

2-Қосымша

Анықтамалар

1. Зияткерлік меншік: 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қол қойылған Зияткерлік Меншік жөніндегі Дүниежүзілік Ұйымды құрған Конвенцияның 2-бабында берілген анықтаманың мәніне ие.

2. Қатысушы: Тараптардың өздерін қоса алғанда, осы келісім бойынша жобаға қатысатын кез келген жеке немесе заңды тұлға.

3. Бірлескен зерттеулер: Тараптардың бірлескен жарналарымен және қажет жерде екі Тараптың қатысушыларымен ынтымақтастық жасасып орындалған және/немесе қор құрылып жүргізілген зерттеулер.

4. Ақпарат: Бірлескен зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми және техникалық деректер, зерттеулер мен әзірленімдердің нәтижелері немесе әдістері, және осы Келісімге сәйкес жүйеге асырылған зерттеулер бойынша Бірлескен зерттеулерге тартылған Тараптардың және/немесе қатысушылардың пікірлері бойынша алмасу және қамтамасыз ету қажет деп саналатын кез келген ақпарат.

3-Қосымша

Технологиялық ұйымдастыру жоспарының (ТҰЖ) айырмашылықты ерекшеліктері

ТҰЖ қатысушылар арасында бірлескен зерттеулерді жүргізу және қатысушылардың тиісті құқықтары мен міндеттері жөнінде өзара жасалынатын ерекше Келісім болып табылады. ТҰЖ-да әдетте ЗМ-ге қатысты иелену, қорғау, ЗӘ (зерттеу және әзірлеу) бойынша мақсаттарға арналған пайдалану құқықтары, бірлескен жарияланымдар жөніндегі уағдаластықтарды қоса алғанда, пайдалану және тарату, іссапардағы қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері және келіспеушіліктерді ретке келтіру рәсімі қаралады. ТҰЖ-да сондай-ақ негізгі және қосалқы ақпарат, лицензиялау және күтілетін нәтижелер қаралуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК